Бір көзден мемлекеттік алу сатып алу
жөніндегі комиссия отырысының
№2 хаттамасы

Мақат кенті «8» сәуір 2022 жыл

Төрағалық етуші, комиссия төрағасы: Е.Ермагамбетов – Мақат кенті әкімі;

Комиссия мүшелері: Г.Назарова – Мақат кенті әкімі орынбасарының міндетін уақытша атқарушы, А.Аманғалиқызы – Мақат кенті әкімі аппаратының бас маман-заңгері, А.Сарбалиева – Мақат кенті әкімі аппаратының бас маманы, А.Уразов – Мақат кенті әкімі аппаратының бас маман-есепшісінің уақытша міндетін атқарушы.

Комиссия хатшысы: Л.Оразбаева – Мақат кенті әкімі аппаратының бас маманы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. *7 және 9 мамыр мерекелеріне арналған түйрегіші бар «Жеңіс лентасын» дайындау қызметі туралы.*

7 және 9 мамыр мерекелеріне арналған түйрегіші бар «Жеңіс лентасын» дайындау қызметі жұмыстарына жергілікті бюджеттен 50,0 мың теңге қаражат бөлінді.

2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37 бабының және 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабының 42 тармағының негізінде және уақыттың тығыздығына байланысты бір көзден мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылсын.

Аталған заңды басшылыққа ала отырып, комиссия төрағасы және комиссия мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылап, 7 және 9 мамыр мерекелеріне арналған түйрегіші бар «Жеңіс лентасын» дайындау қызметі бойынша «Мақат кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман-есепшісінің уақытша міндетін атқарушы А.Уразовқа келесідей жұмыстарды тапсырылды:

1. Мемлекеттік сатып алу порталының жоспарына өзгеріс енгізілсін;
2. Бір көзден мемлекеттік сатып алу үшін әлеуетті өнім берушілерді анықтау жұмыстары ұйымдастырылсын.

Комиссия төрағасы **Е.Ермагамбетов**
Комиссия мүшелері **Г.Назарова**
А.Аманғалиқызы
А.Сарбалиева
А.Уразов
Комиссия хатшысы **Л.Оразбаева**